

"2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 23/4 шешіміне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 27/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 4668 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 және 109-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4508 болып тіркелді, 2018 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) № 23/4 шешіміне келесі өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. 1, 2 және сәйкесінше 3 қосымшаларға сәйкес 2018-2020 жылдарға, соның ішінде 2018 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің бюджеті, келесі көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 27040 мың теңге, соның ішінде мыналар бойынша:

салықтық түсімдер – 7624 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 19416 мың теңге;

2) шығындар – 27040 мың теңге;

3) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, соның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығын (профициті) – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.";
келесі мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. 2018 жылға ауылдық округі бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымды трансферттер көлемі 3957 мың теңге сомада ескерілсін."

Нұсқалған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы
мәслихаты сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы
мәслихатының хатшысы*

Қ. Қасенов Р. Нұрмұқанова

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының
2018 жылғы 30 наурыздағы № 27/3 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының
2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 23/4
шешіміне 1 қосымша

2018 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Класс	Ішкі класс	Атауы	Сома, мың теңге
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	27040
1			Салықтық түсімдер	7624
	01		Табыс салығы	2116
		2	Жеке табыс салығы	2116
	04		Меншікке салынатын салықтар	5508
		1	Мүлікке салынатын салықтар	16
		3	Жер салығы	946
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4546
4			Трансферттердің түсімдері	19416
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	19416
		3	Аудандық бюджеттен (облыстық маңыздағы қала) трансферттер	19416

кестенің жалғасы

Функционалдық топ	Әкімгері	Бағдарлама	Атауы	Сома, мың теңге
1	2	3	4	5
			2) Шығыстар	27040

01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	11446
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	11446
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11148
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығындары	298
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	767
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	767
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	600
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгаландыру	167
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10694
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	10694
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	10694
13			Басқалар	4133
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4133
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру елді мекендерді жайластыру сұрақтарын шешу үшін іс-шараларды жүзеге асыру	4133
			3) Қаржылық активтермен операциялық сальдо	0
			қаржылық активтерді сатып алу	0
			мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан түсімдер	0
			4) Бюджеттің жетіспеушілігі (артықшылығы)	0
			5) Бюджеттің жетіспеушілігін (артықшылықты қолдану) қаржыландыру	0
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0